

"Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 442 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жарғылық капиталына даму институттары жүйесінің қалыптасуымен негізделген мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын. < * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1201 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрліктерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Қоғамды құруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің рұқсатын алуды;
- 2) Қоғамның жарғылық капиталын 2003 жылғы республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен қалыптастыруды;
- 3) Қоғамның Жарғысын бекітуді және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 4) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және оны пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне беруді;
- 5) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 12 мамырдағы

N 442 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін толықтырулар**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-84-жолмен толықтырылсын:

"123-84 "Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 236-16-жолмен толықтырылсын:

"236-16. "Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ".

3. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

2006 жылға дейін акциялардың мемлекеттік пакеттері жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын акционерлік қоғамдардың тізбесінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 45-жолмен толықтырылсын:

"45. "Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ (Алматы қаласы) 100 %".

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.26. N 1237 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК